

Сегізінші Азия-Тынық мұхит лингвистикалық олимпиадасы

29 наурыз — 12 сәуір 2026 жыл

Есептер

- Бақылаушыларды мұқият тыңдап, олардың нұсқауларын орындаңыз.
- Бұл сайысқа 5 сағат уақыт беріледі. Есеп жинағы 6 беттен және 5 есептен тұрады. Тапсырмаларды кез келген ретпен орындауға болады.
- Сайыс кезінде электрондық құрылғыларды, жазбаша немесе баспа материалдарын немесе басқа сыртқы ақпарат көздерін пайдалануға тыйым салынады.
- Егер сізде есеп шарты бойынша сұрақ туындаса, қолыңызды көтеріп, бақылаушыдан сұраңыз. Бақылаушы жауап берер алдында қазылар алқасымен ақылдасады.
- Шешімдерді жазу ережелері:
 - Есеп шарттарын көшірмеңіз.
 - Әрбір есептің шешімін бөлек параққа немесе парақтарға жазыңыз.
 - Жауап парағының тек алғы бетіне ғана жазыңыз.
 - Әрбір параққа өз атыңызды, есептің нөмірін және осы есепке арналған бет санының ішіндегі нешінші бет екенін жазыңыз, мысалы:

Аты	...	Аты	...	Аты	...
Есеп №	5	Есеп №	5	Есеп №	5
Бет №	1 / 3	Бет №	2 / 3	Бет №	3 / 3

бесінші есепке арналған үш беттің бірінші, екінші және үшінші бетін білдіреді.

Әйтпесе, сіздің жұмысыңыз шатастырылып, жоғалуы мүмкін.

- Басқаша айтылмаса, сіз есептен табылған барлық ережелер мен заңдылықтарды жазбаша сипаттауыңыз қажет. Әйтпесе, шешіміңізге толық ұпай берілмейді.

APLO-ның ресми сайтында <https://aplo.asia> жарияланғанына дейін есеп шарттарын құпия ұстау қажет. Сол күнге дейін есептерді желіде жарияламаңыз және талқыламаңыз.

Есептер

Есеп 1 (20 ұпай). Төменде хаа кумеяай тіліндегі етістіктер мен олардың қазақ тіліне барлық мүмкін аудармалары берілген:

ʔiŋ	мен бұны оған беремін	ʔua:	мен оны барғызамын
a:	ол барады	kuamp	оны жүргіз!
map	мен оны қалаймын	miŋ	сен бұны оған бересің
mnʔiŋ	олар бұны саған береді	mχuʔtup	ол сені секіртеді
nua:	біз оны барғызамыз	ŋkmʔap	мені қала!
ŋmnuʔa:	сендер мені барғызасыңдар	ŋnʔar	ол мені ұрлайды
χtup	[мен секіремін ол секіреді	namp	[біз жүреміз олар жүреді
■nar	мен сені ұрлаймын	■nma■	біз сені қалаймыз

Кейбір жазбалар төгілген сиямен жартылай жасырылған.

(a) Қазақ тіліне аударыңыз:

1. ʔamp
2. mnua:
3. ŋnmʔap

Сөздердің әрқайсысы үшін тек бір ғана аударма болуы мүмкін.

(b) Келесі етістіктерде қателер бар:

4. ŋʔa:
5. kuʔamp

Әрқайсысына бір әріп қосып, етістіктерді түзетіңіз және оларды қазақ тіліне аударыңыз.

(c) Хаа кумеяай тіліне аударыңыз:

- | | |
|----------------------|--------------------------|
| 6. мен барамын | 10. сен оны ұрлайсың |
| 7. біз барамыз | 11. олар сені қалайды |
| 8. мені секірт! | 12. ол бұны маған береді |
| 9. сендер жүресіңдер | |

△ Хаа кумеяай тілі юман тіл отбасына жатады. Бұл тілде Мексикада 4 адам сөйлейді.

ʔ қысқа уақытқа ауа ағынының бөгелуі арқылы айтылады. ŋ және χ дауыссыз дыбыстарды білдіреді. Дауыстыдан кейінгі □ белгісі оның созылыңқы айтылуын білдіреді. — Арул Колла

Есептер

Есеп 2 (20 ұпай). Төменде яки тіліндегі сөйлемдер мен олардың қазақ тіліне аудармалары берілген:

- | | |
|--|---|
| 1. u'u te:ko bwi:kan | <i>Бұл басшы өлең айтып жатыр.</i> |
| 2. huhusai mi:sim bwa:nak | <i>Қоңыр мысықтар жылады.</i> |
| 3. u'u chukui se:wa ponwak | <i>Бұл қара гүл ұрылды.</i> |
| 4. ume vakochim bwa:nak | <i>Бұл жыландар жылады.</i> |
| 5. chu:'u ume mosenim bwanria | <i>Ит бұл теңіз тасбақалары үшін жылайды.</i> |
| 6. tosai va:kot uka husai misita ponne | <i>Ақ жылан бұл қоңыр мысықты ұрмақ.</i> |
| 7. mo:sen usita uka sewata ponria | <i>Теңіз тасбақасы бұл гүлді бала үшін ұрады.</i> |
| 8. bwanwan | <i>Біреу жылап жатыр.</i> |

Жоғарыдағы деректерге сүйене отырып, тілтанушы келесі сөйлемдерді қателіктер жіберіп аударды:

- | | |
|-------------------------------|---|
| 9. u'u u:si wikitta ponriawa | — Қате: <i>Бұл бала құс үшін ұрылады.</i>
Дұрыс: <i>Біреу құсты бұл бала үшін ұрады.</i> |
| 10. u'u va:kot usita ponriawa | — Қате: <i>Бұл жылан бала үшін ұрылады.</i>
Дұрыс: <i>Біреу баланы бұл жылан үшін ұрады.</i> |

(a) Қазақ тіліне аударыңыз:

11. u:si bwi:kak
12. mo:sen ponwa
13. u'u wi:kit uka mosenta bwanriane
14. ume te:kom totosai se:wam po:na

(b) Яки тіліне аударыңыз:

15. *Құс басшыны ұрып жатыр.*
16. *Бұл қара құстар бұл балалар үшін өлең айтады.*
17. *Біреу бұл қоңыр итті бұл мысық үшін ұрып жатыр.*

△ Яки тілі юто-ацтек тіл отбасына жатады. Бұл тілде Сонора (Мексика) және Аризона (АҚШ) штаттарында шамамен 20 500 адам сөйлейді.

bw, **ch** және ['] дауыссыз дыбыстарды білдіреді. Дауыстыдан кейінгі ['] белгісі оның созылыңқы айтылуын білдіреді. — *Казуне Сато, Цуйюши Кобаяши*

Есептер

Есеп 3 (20 ұпай). Төменде нгити тіліндегі 1-ден 10-ға дейінгі сан есімдер әліпби ретімен берілген:

arɛ arɛbhɛ arɛgyetdi atdi aza imbo ibhɛ idrɛ ifɔ ɔʊ

10-нан артық сандар үшін нгити тілінде екі түрлі жүйе бар: біреуі дәстүрлі, ал екіншісі жақында дамыған. Төмендегі кестеде 10-нан артық кейбір сандар екі түрлі жүйеде және олардың мәндерімен бірге ұсынылады. Олар арту ретімен көрсетілген.

Дәстүрлі жүйе	Жаңа жүйе	Мәні
otsivi		
	idrɛ dɔna ɔʊ na	
otsi dɔ atdi		
ɔpi	idrɛ dɔna aza na	
(A)	idrɛ dɔna arɛgyetdi na	
arotsivi		23
adzoro dɔ atdi	ɔʊ kumi dɔna arɛgyetdi na	
(B)	ifɔ kumi dɔna arɛbhɛ na	
wadhɪ dɔ wadhɪvi	(C)	
ɔʊ wadhɪ dɔ otsi	arɛbhɛ kumi dɔna aza na	
(D)	arɛgyetdi kumi	
ibhɛ wadhɪ dɔ adzoro vi	mɪya dɔna ɔʊ kumi dɔna ibhɛ na	
ifɔ wadhɪ dɔ ɔpi dɔ ɔʊ	(E)	146
imbo wadhɪ dɔ idrɛ	(F)	
arɛbhɛ wadhɪ dɔ aba dɔ atdi	ɔʊ mɪya dɔna ifɔ kumi dɔna imbo na	
(G)	ɔʊ mɪya dɔna arɛ kumi na	
(H)	ibhɛ mɪya dɔna imbo na	305

(A–H) бос орындарын толтырыңыз. Сұр түспен белгіленген бос орындарды толтырудың қажеті жоқ.

△ Нгити тілі нил-сахара тіл отбасының орталық судандық тармағына жатады. Бұл тілде Конго Демократиялық Республикасында шамамен 85 000 адам сөйлейді. Бүгінде осы тілдің дәстүрлі жүйесі тек кейбір қариялардың есінде ғана сақталған.

ɛ, ɪ, ɔ және ɯ дауысты дыбыстарды білдіреді. Нгити тілінде тоңдар бар болғанымен, есепті жеңілдету үшін мұнда тон белгілері көрсетілмеген.

— Ким Мингю, Влад А. Някшу

Есептер

Есеп 4 (20 ұпай). Төменде луламоги тіліндегі сөз тіркестер мен олардың қазақ тіліне аудармалары берілген:

βatólóka	олар қашады
tíβálikukyaagálá	олар бұны іздеп жатқан жоқ
βálikutuvunáánízyá	олар бізге жауапкершілік жүктеп жатыр
tíβasééhúliká	олар көшпейді
titúkihalákátá	біз бұны тырнамаймыз
alikuβálá	ол санап жатыр
aalya	ол жейді
túlikugwá	біз құлап жатырмыз
tyalíkuβakuléémbéla	ол оларды жетектеп жатқан жоқ
tufúkámíla	біз тізе бүгеміз
βálikwagálá	олар іздеп жатыр
tyaβiikúlá	ол (бірдеңені) ашпайды
tyaagwá	ол құламайды
títúlikuseehúliká	біз көшіп жатқан жоқпыз
túmwaazíka	біз оған (бірдеңені) қарызға береміз
βátukuléémbéla	олар бізді жетектейді

(a) Дұрыс тондарды белгілеңіз:

1. **tumutya** біз одан қорқамыз
2. **tíβalikwanzulula** олар (бірдеңені) созып жатқан жоқ
3. **titwoonoona** біз (бірдеңені) бұзбаймыз
4. **alikutusiβa** ол бізді байлап жатыр
5. **βaholoota** олар қорылдайды

(b) Луламоги тіліне аударыңыз:

6. ол оны бұзып жатқан жоқ
7. біз оларға жауапкершілік жүктейміз
8. біз (бірдеңені) созбаймыз
9. олар қашып жатыр
10. ол қорықпайды

△ Луламоги Атлант-конго тіл отбасының банту тобына жатады. Бұл тілде Угандада шамамен 185 000 адам сөйлейді.

β, w және y дауыссыз дыбыстарды білдіреді. Қос дауысты дыбыс созылыққы айтылады. Луламоги тілінде екі тон бар: дауыстының үстіндегі ´ белгісі жоғары тонды, ал белгінің жоқтығы төмен тонды білдіреді.

— Уаң Джихун

Есептер

Есеп 5 (20 ұпай). Төменде бангиме тіліндегі сөздер мен сөз тіркестері және олардың қазақ тіліне аудармалары берілген:

à bìì ⁿ	бұл ешкі	d̥zèndzé	қолтырауын
à gàrìbù	бұл қайыршы	màà dzéndzè	оның қолтырауыны
tùùré	гиена	d̥zèndzéndè	қолтырауындар
ā tūūrè	бұл гиена	àà màà dzéndzéndè	сендердің қолтырауындарың (к.т.)
à kwàà	бұл мойын	kwāāndè	мойындар
máá bújágíndè	менің гуаваларым	nì màā kwàāndé	олардың мойындары
tājndè	өрілген себеттер	bùtígé	жайра
tāārè	өрмекші	ā bütigè	бұл жайра
máá tààrè	менің өрмекшім	àà bütigè	сенің жайраң
à dìjàndé	бұл ауылдар	pìjèw	мүйіztұмсық құс
màā dìjà	оның ауылы	àā pìjèw	сенің мүйіztұмсық құсың
tùndúru	әңгіме	nè màā pìjèwndé	біздің мүйіztұмсық құстарымыз
màà túndúruéndè	оның әңгімелері	màà kwáábéndè	оның суккуленттері

Бангиме тіліне аударыңыз:

- | | |
|----------------|--------------------------------|
| 1. ауыл | 6. менің гиенам |
| 2. ешкілер | 7. сендердің гиеналарың (к.т.) |
| 3. оның ешкісі | 8. бұл қайыршылар |
| 4. бұл өрмекші | 9. олардың өрілген себеті |
| 5. бұл гуава | 10. біздің суккулентіміз |

△ Бангиме — тілдік изолят (оқшауланған тіл). Бұл тілде Малидің оңтүстігінде шамамен 3500 адам сөйлейді.

Бангиме тілінде үш тон бар: жоғары (´), орта (˘) және төмен (`).

d̥z — дауыссыз дыбыс. **ɛ** — дауысты дыбыс. Қос дауысты дыбыс созылыққы айтылады. Дауыстыдан кейінгі ⁿ белгісі оның мұрын арқылы айтылуын білдіреді.

Гиена, *мүйіztұмсық құс* және *жайра* — жануарлар түрлері. *Суккулент* — өсімдік түрі. *Гуава* — жемістің бір түрі.

к.т. = көпше түрде.

— Панауат Тячарын, Фараз Ахмед

Жауапты редактор: Панауат Тячарын

Редакторлар: Фараз Ахмед, Уаң Джихун, Шинджини Гош, Здравко Иванов, Джером Йохымс, Ким Мингю, Цуйоши Кобаяши, Арул Колла, Тамила Краштан, Влад А. Някшу, Дана Оспанова, Леонарду Пайлу, Пан Тұңлы, Александр Пиперски, Дирадж Потапрагада, Казуне Сато, Сара Тур, Хы Ченшин, Яң Джэйоң

Қазақша мәтін: Дана Оспанова

Сәттілік!